

Нұр-Сұлтан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 4 маусымдағы № 43/6-VII және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 511-1976 бірлескен шешімі мен қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 маусымда № 1326 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы Ономастика комиссиясының 2021 жылғы 5 сәуірдегі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 23 сәуірдегі қорытындыларының негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Нұр-Сұлтан қаласының "Алматы" ауданы бойынша:

жобалық атауы А20 көшеге – Қалижан Бекхожин көшесі;

жобалық атауы А33 көшеге – Әбубәкір Тыныбаев көшесі;

жобалық атауы А41 көшеге – Ұзақбай Қараманов көшесі;

жобалық атауы А349 көшеге – Қаршыға Ахмедияров көшесі;

Нұр-Сұлтан қаласының "Есіл" ауданы бойынша:

жобалық атауы Е30 көшеге – Күлтегін көшесі;

жобалық атауы Е109 көшеге – Ғабдолла Тоқай көшесі деп атау берілсін.

2. Мыналар:

Нұр-Сұлтан қаласының "Байқоңыр" ауданы бойынша:

Күлтегін орамы – Биші қайың орамы деп қайта аталсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы", "Байқоңыр", "Есіл" аудандарының әкімдері, "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімді іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы және шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы және шешім ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы және шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органдарына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кульгинов

*Нұр-Сұлтан мәслихаты
қаласы сессиясының төрағасы*

Н. Купешов

*Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатның хатшысы*

Е. Каналимов